

занятость снижает мотивацию у руководителей к реструктурированию неэффективного производства и происходит деквалификация работников.

Таким образом, налицо дилемма, вызывающая неоднозначную оценку научных и практических работников: что лучше (эффективнее, выгоднее) - перевести скрытую безработицу в открытую форму, с последующим трудоустройством и социальным обеспечением (выплатой пособия) безработных или разрабатывать меры по оживлению производства и снижению на этой основе масштабов неполной занятости.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Бейсенов, С. Д. Рынок и проблемы занятости в РК : учебник / С. Д. Бейсенов. – Алматы, 1999.-67 с.
2. Проблема подбора и расстановки кадров в Казахстане / С. Колдыбаев // Мысль. 2011. №7. С. 20-23.
3. Социальные последствия безработицы / Г. Гендлер. // Человек и труд. 2010. №3. С. 47
4. Мамыров, Н. К. Формирование рынков труда в малых и средних городах Казахстана : учебник / Н. К. Мамыров.- А: Экономика,2000.- 112 с.

ӨОК: 349. 422. 231

БҮКІЛӘЛЕМДІК САУДА ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ

А. М. Казамбаева, экон. ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Бүкіл әлемдік сауда ұйымына кірудегі ел экономикасында болуы мүмкін өзгерістер туралы, ашық экономикаға енудегі нарыққа қатысушылар мен нарықты реттеу жүйесіндегі қызметтер жөнінде. Бүкіләлемдік сауда ұйымына кірудің негізгі ойлар.

В статье рассматривается перспективы развития торговой политики и ее влияния на экономический рост и человеческое развитие; воздействия либерализации торговой политики в области сельского хозяйства на человеческое развитие и приоритетов национальной политики по развитию торговых услуг.

The article considers the prospects for trade policy and its impact on economic growth and human development, impact of liberalization of trade policies on agriculture for human development and national policy priorities for the development of commercial services.

Қазақ елінің Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруі экономикалық саясаттағы негізгі мәселелердің бірі деп айтуға болады. Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіру ел экономикасына түбегейлі өзгерістер енгізеді, себебі ашық экономикаға ену нарыққа қатысушылар мен нарықты реттеу жүйесінің жаңаша қызмет етуін талап етеді. Сондықтан да Бүкіләлемдік сауда ұйымына кірудің негізі мен оның салдарын тиянақты ойлап, талдау қажет. Енді Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіру бізге не береді деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Бүкіләлемдік сауда ұйымына кірудің мынадай артықшылықтары бар:

✓ Біріншіден, ашық экономикаға енеміз, оның артықшылығы халықаралық сауда салыстырмалы артықшылық ұстанымына негізделеді, яғни ел үшін қандай тауарды өндіру

арзанға түссе, сол тауар түрін өндіруге маманданып, халықаралық еңбек бөлінісі орын алады. Сонымен қатар, өнім өндіруші кәсіпорындар арзан импорт негізінде өндіріске қажетті құралдарды сатып алуға қол жеткізеді;

✓ Екіншіден, Бүкіләлемдік сауда ұйымы Қазақстандық экспортерларды сыртқы нарықта өзін-өзі қорағауына мүмкіндік береді. Себебі, демпингке қарсы саясатты қалыптастыру оңай шаруа емес, бұл жерде Бүкіләлемдік сауда ұйымы ондай жағдай орын алған кезде елдің экономикалық позициясын қорғауға мүмкіндік жасайды;

✓ Үшіншіден, нашар қорғалған елдің интеллектуалдық меншік жүйесі іштегі жаңа технологиялардың дамуын шектейді. Сондықтан да Бүкіләлемдік сауда ұйымы Қазақстандық өнертапқыштардың әлемдік нарықта құқығын қорғауға мүмкіндік береді;

✓ Төртіншіден, ашық экономикаға ену халықаралық қарым-қатынасты дамытады. Халықаралық сауда және тиімді инвестициялық ахуал ел экономикасын жан-жақты дамытады [1.2].

Қазіргі таңда ауылшаруашылығы өндірісі қалыпты жағдайда ұйымдастырылып, өндіріс дамып келеді деп айтуға болады. Бірақ бір қынжылатын жағдай әлі де болса ауылшаруашылық өнімдері сауда айналымында импорттық тауарлардың басым болуы. Соның ішінде мал шаруашылығы өнімдері сауда айналымында импорттың үлесі басым.

Сонымен қатар, Қазақстан жерді әлі де болса экстенсивті пайдаланып келеді, оны экспортық тауарлар құрылымынан байқауға болады, яғни экспорттық тауарлар үлесінде жер көлемін көп қажет бидай өнімінің үлесі жоғары. Керісінше еңбекті көп қажет ететін жеміс-жидектер мен көкініс өндірісі дамымай отыр. Бидай өндірісінің өзі табиғи жағдайда өндіру қалыпты жағдайға айналған, жаңа технологияларды пайдалану өте баяу жүруде. Мысалы табиғи климаты ұқсас Канада елі жер гектарынан 2,7 тонна бидай алса, Қазақстандық тауарөндірушілер гектарынан 1 тоннадан өнім алуды қанағат тұтуда. Енді соның ішінде Батыс Қазақстан облысында қалыптасқан өндіріс саласына назар аударатын болсақ, оны бірінші кестеден көруге болады.

1 - кесте. 2011 жылдың 1 қаңтарына шаруашылықтың барлық санаттарындағы ауыл шаруашылығы құрамаларының бары

	Шаруа қожалықтарын қоса есептегендегі ауыл шаруашылығы құрамаларының бары	Соның ішінде					
		ауыл шаруашылығы кәсіпорындары	одан				Шаруа (фермер) қожалықтары
			Серіктестіктер	Акционерлік қоғамдар	Өндірістік кооперативтер	Өзге қосалқы кәсіпорындар	
Барлығы	4633	229	179	1	10	37	4404
Ақжайық	604	5	3	-	-	2	599
Бөкей ордасы	449	5	3	-	-	2	444
Бөрлі	231	34	30	-	-	3	197
Жаңақала	360	6	5	-	-	1	354
Жәнібек	344	4	2	-	1	1	340
Зеленов	681	53	38	-	3	12	628
Казталов	486	8	5	-	1	2	478
Қаратөбе	219	2	1	-	-	1	217
Сырым	379	13	10	-	-	3	366
Тасқала	354	12	7	-	2	3	342
Теректі	343	30	25	1	2	2	313
Шыңғырлау	109	14	9	-	1	4	95
Орал қ.	74	43	41	-	-	1	31

Бұл кестеден түсінетініміз барлық дамыған елдерде шаруашылықтардың іріленуі байқалса, яғни бірігуі, ал біздің елде ірі шаруашылықтар саны азайып, шағын шаруашылықтар саны көбеюде. Мысалы, барлық облыс бойынша акционерлік қоғам саны біреу ол Теректі ауданында орналасқан, өндірістік кооператив саны 10, олардың басым көбі өсімдік шаруашылығымен айналысатын аудандарда орналасқан, оның есесіне жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер 179, яғни саны жағынан алғанда өндірістік кооперативтерден он есе артық, шаруа қожалықтары барлық ауыл шаруашылығы құрамаларының 95 % құрайды. Демек қазіргі таңда ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін қолайлы ұйымдық-құқықтық нысан ретінде шаруа қожалықтары болып отыр.

Енді қаншалықты ауыл шаруашылығы құрамаларының санаттары бойынша өнім өндіруде тиімді екенін ауылшаруашылығының жалпы өнімдері динамикасын қарастырып көрейік.

**2 - кесте. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі
Миллион тенге**

	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2010/2006 ж-ға. %
Барлық шаруашылық санаттары						
Жалпы өнім барлығы	22917	27049	34729	57965	52203	227
Өсімдік шаруашылығы	5660	7345	12260	26216	19449	343
Мал шаруашылығы	17256	19704	22468	31748	32753	189
Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары						
Жалпы өнім барлығы	2189	2354	3961	7180	3932	179
Өсімдік шаруашылығы	1396	1641	2947	5985	2485	178
Мал шаруашылығы	792	713	1014	1194	1447	182
Шаруа (фермер) қожалықтары						
Жалпы өнім барлығы	3760	5923	9547	22960	12366	328
Өсімдік шаруашылығы	2125	3818	6839	15781	7385	347
Мал шаруашылығы	1634	2105	2707	7178	4980	304
Жұртшылық шаруашылығы						
Жалпы өнім барлығы	16967	18771	21221	27824	35904	211
Өсімдік шаруашылығы	2137	1885	2473	4448	9578	448
Мал шаруашылығы	14829	16886	18747	23375	26326	177

Екінші кестеден көріп отырғанымыздай барлық көрсеткіштердің өсуі байқалады. Барлық шаруашылық санаттары бойынша 2010 жылды 2006 жылмен салыстырғанда екі есе өскен, соның ішінде өсімдік шаруашылығы бойынша ауыл шаруашылығы жылпы өнімдері үш есе, мал шаруашылығы көрсеткіштері 89 пайызға өскен. Енді шаруашылық құрылымдары бойынша қарап көрейік ауыл шаруашылық кәсіпорындары бойынша жалпы өнім барлығы 79 пайызға, өсімдік шаруашылығы бойынша ауыл шаруашылығы жылпы өнімдері 78 %-ға, ал мал шаруашылығы көрсеткіштері 89 пайызға өскен.

Шаруа (фермер) қожалықтары бойынша да барлық көрсеткіштердің өсуі бірнеше есе екенін көруге болады. Жалпы өнім көлемін 2010 жылды 2006 жылмен салыстырғанда үш есе өскен, соның ішінде өсімдік шаруашылығы бойынша ауыл шаруашылығы жалпы өнімдері үш есе, мал шаруашылығы көрсеткіштерінде үш есе өскен. Көріп отырғанымыздай бізде негізгі тауар өндірушілер болып шаруа (фермер) қожалықтары мен жеке тұлғадағы азаматтар табылады. Сондықтан да қазіргі таңда сол шаруа (фермер) қожалықтарын ақпарттық және

психологиялық тұрғыдан алдын-ала Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіру жөнінде және Бүкіләлемдік сауда ұйымының талаптарына сай өнім өндіруге дайындап, бейімдеуіміз керек деп ойлаймыз [3].

Сол бағытта келесі шараларды жүзеге асыру қажет:

- Ғылым мен білімді дамыту мақсатында интеграциялық ғылыми-білім және ғылыми-әдістемелік орталық құру, оның негізгі міндеті ірі кәсіпорындар мен шаруа (фермер) қожалықтарын әдістемелік, ақпараттық, кеңес беру қызметтерімен қамтамасыз ету;
- Агроөнеркәсіп кешенінде инновациялық жобаларды дайындау бойынша кеңес беруді өткізу және ұйымдастыру;
- Жергілікті жерде инновациялық технологияларды өндіріске енгізу бойынша және оған бейімделуге кеңес беру;
- Инновация туралы ақпараттар тарату;
- Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру және өткізу бойынша бизнес- жоспар, бизнес-жоба дайындау;
- Агроөнеркәсіп кешені нарығына маркетингтік зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру және оны өткізу;
- Аймақтың агроөнеркәсіп кешенін кадрмен қамтамасыз ету бойынша ақпараттар қорын қалыптастыру;
- Ауылшаруашылығы тауарөндірушілерін осы саланың қазіргі жағдайы, өнім сапасы және ӘСҰ кіруге экономикалық тиімділіктер туралы хабардар ету шараларын ұйымдастыру және енгізу;
- Аймақтың ауылшаруашылығы тауарөндірушілерін ӘСҰ кіру кезіне бейімделу шаралары ақпараттарымен қамтамасыз ету;
- Ауылшаруашылығы тауарөндірушілерін өндіріс, сауда, жаңа шаруашылықты жүргізу әдістері бойынша қалыптасқан ұсыныстары бойыншы ақпараттармен қамтамасыз ету;
- Инновациялық технология, маркетинг, есеп және аудит мәселелері бойынша ауылшаруашылығы тауарөндірушілеріне оқыту семинарларын өткізу.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сембаева Р., Казахстан: влияние торговой политики на человеческой развитие // Астана, Республика Казахстан, 2010 год
2. Самсон И., Дайкер Д. Анализ экономических последствий вступления Казахстана во Всемирную торговую организацию // КазЭУ им. Т.Рыскулова, Алматы.
3. Балацкий Е., Инновационные стратегии компаний на развивающихся рынках. / Е. Балацкий. //Экономика и общество. – 2004. – №4. – С. 100.

ӘОЖ: 339.543.622

КЕДЕНДІК ОДАҚ – БОЛАШАҚ ДАМУЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

Ж. Б. Кенжин, магистр, аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада, кедендік одақ – бұл біздің ықпалдастығымыздың келесі сатысы. Бұған дейін Беларусь, Қазақстан, Ресей арасында еркін сауда аймағы жүзеге асқан болатын. Бұл еркін сауда аймағының мәнісі – үш ел арасында нөлдік, яғни кедендік баждың жоқ екендігін